

16.05.2019-ҒЫ № 01-03/Д-239/ДЗ-77

ШЫҒЫС ХАТЫ



**Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі**

**Министерство информации и
общественного развития
Республики Казахстан**

010000, Нұр – Сұлтан қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы 8, 15 кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-11-73, факс: 8 (7172) 74 13 12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

010000, город Нур – Султан, Дом Министерств
пр. Мәңгілік Ел 8, 15 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-11-73, факс: 8 (7172) 74 13 12
e-mail: k.kense@qogam.gov.kz

№ _____

*Сіздің 2019 жылғы 18 сәуірдегі
№ ДЗ-77 сауалыңызға*

**Қазақстан Республикасы
Мәжіліс Парламентінің депутаттары
С.Ф. Бычковаға,
Б.Т. Кесебаеваға,
И.В. Смирноваға**

**Құрметті Светлана Федоровна!
Құрметті Балаим Туғанбайқызы!
Құрметті Ирина Владимировна!**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) Сіздің депутаттық сауалыңызға өз құзіреті шегінде келесіні хабарлайды.

Заң шығару процесінің ажырамас бөлігі ретінде мемлекеттік органдардың түсіндіру жұмыстарының жаңа тәсілдерін қамтамасыз етуіне қатысты 2-тармақ бойынша

Қазіргі уақытта қабылданған нормативтік құқықтық актілерді (*бұдан әрі – НҚА*) талқылау және түсіндіру рәсімдері бар.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8-тармағына сәйкес заң жобалары тұжырымдамаларының және НҚА-лардың әзірленген жобалары мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына көпшілік талқылауы үшін орналастырылады.

Көпшілік талқылауы қорытындысы бойынша жобаларды әзірлеуші мемлекеттік органдар ақпарат пайдаланушылардың ескертулерін және (немесе) ұсыныстарын қарастырады және оларды қабылдау не бас тарту негіздемесін көрсете отырып, оларды қабылдау туралы шешім қабылдайды.

Бұдан басқа, Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Ә.Р. Жақсыбековтің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 4386-3 қарарына сәйкес мақұлданған Мемлекеттік органдар әзірлейтін заң жобаларын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі, онда 4 кезеңге бөлінген: заң жобасы тұжырымдамасын әзірлеу, заң жобасын әзірлеу, заң жобасының Парламентте қаралуы және заңды қабылдау іс-шаралары көзделген.

«Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің алаңында қабылданатын НҚА кеңінен талқылау тұрақты түрде өткізіледі.

2019 жылы Министрлік «Жастар – еліміздің болашағы» бірыңғай республикалық медиа-жоспар (*бұдан әрі – Бірыңғай медиа-жоспар*) шеңберінде халықтың құқықтық мәдениетін арттыру жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.

Ақпараттық алаңда мемлекеттік органдардың жұмысын жүйелендіру және оның тиімділігін арттыру, сондай-ақ есептілікті қысқарту мақсатында барлық орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың ұсынымдары мен ұсыныстары негізінде Бірыңғай медиа-жоспар жасалды.

Құқықтық сауаттылықты насихаттау жұмысы «Сыбайлас жемқорлықсыз құқықтық мемлекет» тақырыптық желісі шеңберінде әртүрлі алаңдарда (*республикалық және аймақтық телеарналар, баспа БАҚ-тары, интернет-ресурстар*) жүргізілді.

Жалпы алғанда, 2019 жылы аталған тақырып бойынша 261 материал, оның ішінде республикалық телеарналарда - 11 материал, республикалық газеттерде - 35 мақала, өңірлік телеарналарда – 66 материал, өңірлік газеттерде – 123 мақала және интернет-ресурстарда - 26 жарияланым жарық көрді.

«Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі алаңында қаржы вице-министрі Руслан Енсебаевтың төрағалық етуімен «Жеке тұлғалардың кірістерін және мүлкін жалпыға бірдей декларациялау туралы», Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитетінің төрайымы Людмила Бюрабекованың төрағалық етуімен «Дәрілік препараттардың бағаларын реттеу жөніндегі жаңа заңнама туралы және елді дәрілермен қамтамасыз ету туралы» және Қазақстан ТҮКШ орталығы директорының орынбасары Марғұлан Әбдікәрімовтің төрағалық етуімен өткен «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы жаңа заң жобалары туралы» брифингтер өткізілді.

Бүгінгі күні азаматтарды құқықтық тұрғыдан ағарту, олардың құқықтық мәдениетін арттыру мәселесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ажырамас бөлігі және бағыттарының бірі болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын одан әрі тиімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 160-ө өкімімен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жоспарда халық арасында құқықтық мәдениетті тәрбиелеу, сондай-ақ халық арасында ұлттық дәстүрлер негізінде құқықтық әрекетін жаңғырту мақсатында бірқатар іс-шаралар көзделген.

Мысалы, «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» бағыты шеңберінде - халықты волонтерлік және қайырымдылық қызметіне

қатысуға тарту жөнінде шаралар қабылдау; Қостанай қаласында «QazTalks» азаматтық қоғамының ашық конференциясын өткізу (тоқсан сайын әр түрлі тақырыптарда өткізіледі); ҮЕҰ-бизнес-мемлекеттің «ASAR» үш жақты ынтымақтастық платформасын дамыту; медиация институттарын дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу; «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты шеңберінде - Қазақстан халқының тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы кітаптар, энциклопедиялар, альбомдар шығару; отбасы институтын қолдау және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау жөніндегі гранттық жобаларды іске асыру.

Аталған бағыттағы жұмыс «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде жалғастырылатын болады.

Министрлік азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру, сондай-ақ оларды мемлекеттік органдардың заң шығару қызметін талқылауға белсенді түрде тарту мақсатында құзыреті шегінде ақпараттық-түсіндіру жұмысының сапасын арттыру үшін бірқатар жүйелі шаралар қабылдауда.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуші мемлекеттік органдар мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарының жобаларын және заң жобаларының тұжырымдамаларын жария талқылау үшін оларды электрондық үкіметтің «Ашық НҚА» порталына орналастырады, оның жұмыс істейтіндігі туралы халықтың басым бөлігі хабардар етілмеген немесе қол жеткізуге мүмкіндігі жоқ. Осылайша, заң жобаларының көпшілігі, оның ішінде белгілі бір олқылықтары бар ықтимал резонанс тудыратын заң жобалары айтарлықтай түзетулерсіз қабылданады және қоғам тарапынан әлеуметтік желілерде сынға алынады.

Осыған орай, Министрлік талқылау алаңын кеңейту мақсатында, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігінің өзекті мәселелерін талқылауда әлеуметтік медианың тиімділігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) туралы үлгілік ережесіне өзгерістер енгізу мәселесі пысықталуда.

Атап айтқанда, БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) функциясына мемлекеттік органның әзірленетін заң жобаларын электрондық үкіметтің «Ашық НҚА» порталына сілтеме жасай отырып, танымал әлеуметтік желілерде құрылған ведомствоның ресми akkaунттарында орналастыруды көздейтін жалпы ережені енгізу жоспарлануда.

Әділет министрлігі тарапынан әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ете отырып және Министрлік тарапынан үйлестіре отырып, қаралатын салада жергілікті мемлекеттік басқару органдарының рөлін арттыруға қатысты 3-тармақ бойынша

Жергілікті атқарушы органдар ақпарат саласындағы уәкілетті органмен келіспестен өңірлердегі мемлекеттік ақпараттық саясатты дербес жүзеге асырады.

Ақпараттық тапсырыс шеңберінде ақпараттық саладағы жаңа жобаларды қолдау, мемлекеттің заңнамалық бастамаларын түсіндіру жүзеге асырылады.

Бұл ретте іс жүзінде уәкілетті органда ақпараттық тапсырысты бөлуді түзету тетіктері жоқ.

Қазіргі кездегі практиканы жетілдіру мақсатында заңнамаға тиісті түзетулер енгізу арқылы қолданыстағы мемлекеттік ақпараттық тапсырысты бөлу рәсімдерін қайта қарау ұсынылады.

Осыған орай, Министрлік «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасын әзірледі, онда жергілікті атқарушы органдармен тақырыптық желілерді келісу рәсімдерін бекіту көзделетін болады.

Аталған шара мемлекеттік ақпараттық саясатта, оның ішінде заңнамалық бастамаларды түсіндіру бойынша бірыңғай жүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тұжырымдама 2019 жылғы 19 сәуірде Заң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында мақұлданды.

Қазіргі уақытта заң жобасы әзірленуде.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресурстар базасында «Street Law» типіндегі жобаны (қоғамдық ұйымды) құруға қатысты 4-тармақ бойынша

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының аумағында ҚАЗМЗУ университеті базасында 1998 жылдан бастап Қазақстан «Street Law» қоғамдық бірлестігі өз қызметін жүзеге асырады.

Қазақстанда халыққа өтеусіз негізде заң консультациясын көрсететін бірқатар ұйымдар жұмыс істейді. «Қазақстан халықаралық адам құқықтары жөніндегі бюросы» және «Қадір-қасиет» қоғамдық бірлестіктері тұрақты негізде азаматтарға заң консультацияларын ұйымдастырды.

Бұдан басқа, үкіметтік емес секторды азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру және құқықтық ағарту жөніндегі іс-шараларға тарту үшін 2010-2020 жылдар кезеңіне арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру, сондай-ақ халыққа консультациялық қызметтерді ұйымдастыру мақсатында ағымдағы жылы гранттық қаржыландыру шеңберінде **азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау бағыты** бойынша 43988,0 мың теңге сомасына 14 жоба, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жергілікті атқарушы органдар 98200,0 мың теңге сомасына 55 жоба, орталық мемлекеттік органдар 54120,0 мың теңге сомасына 2 жоба көздеген.

Осыған байланысты, Министрлік аталған бағыт бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру жұмыстарын жалғасатын болады.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрі**

Д. Абаев

16.05.2019-ғы № 01-03/Д-239/ДЗ-77 шығыс хаты

*На Ваш запрос № ДЗ-77
от 18 апреля 2019 года*

**Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Бычковой С. Ф.,
Кесебаевой Б. Т.,
Смирновой И. В.**

**Уважаемая Светлана Федоровна!
Уважаемая Балаим Туганбаевна!
Уважаемая Ирина Владимировна!**

Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан (далее – Министерство) на Ваш депутатский запрос, в рамках своей компетенции, сообщает следующее.

По пункту 2 относительно обеспечения нового подхода государственных органов к разъяснительной работе как неотъемлемой части законотворческого процесса

В настоящее время имеются процедуры по обсуждению и разъяснению принимаемых нормативных правовых актов (далее – НПА).

Согласно пункту 8 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» разработанные проекты концепций законопроектов и НПА до направления на согласование в заинтересованные государственные органы размещаются для публичного обсуждения на интернет-портале открытых нормативных правовых актов.

По итогам публичного обсуждения государственные органы-разработчики проектов рассматривают замечания и (или) предложения пользователей информации и принимают решения об их принятии либо отклонении с указанием обоснований.

Кроме того, Министерством юстиции разработан План мероприятий по информационному сопровождению разрабатываемых государственными органами законопроектов, одобренный резолюцией Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан А.Р. Джаксыбековым 26 декабря 2017 года № 4386-3, в котором предусмотрены мероприятия, разделенные в 4 этапа: разработка концепции законопроекта, разработка законопроекта, рассмотрение законопроекта в Парламенте и принятие закона.

На площадке Республиканского государственного учреждения «Служба центральных коммуникаций» постоянно проходят широкие обсуждения принимаемых НПА.

В 2019 году Министерством в рамках Единого республиканского медиа-плана «Жастар – еліміздің болашағы» (далее – Единый медиа-план) была проведена

информационно-разъяснительная работа по повышению правовой культуры населения.

С целью систематизации и повышения эффективности работы государственных органов в информационном поле, а также сокращения отчетности, Единый медиа-план составлен на основе рекомендаций и предложений всех центральных государственных органов и национальных компаний.

Работа по пропаганде правовой грамотности проводилась на различных площадках в рамках тематических линий «Правовое государство без коррупции» (*республиканские и региональные телеканалы, печатные СМИ, интернет-ресурсы*).

В целом, в 2019 году по данной теме было опубликовано 261 материал, в том числе на республиканских телеканалах - 11 материалов, в республиканских газетах – 35 статей, на региональных телеканалах – 66 материалов, в региональных газетах – 125 статей и на интернет-ресурсах – 26 публикаций.

На площадке Республиканского государственного учреждения «Служба центральных коммуникаций» были проведены брифинги «О всеобщем декларировании доходов и имущества физических лиц» под председательством вице-министра финансов Руслана Енсебаева, «О новом законодательстве по регулированию цен на лекарственные препараты и о лекарственном обеспечении страны» под председательством Председателя комитета фармации Министерства здравоохранения РК Бюрабековой Людмилы и «О новом законопроекте в сфере жилищно-коммунального хозяйства» под председательством заместителя директора казахстанского центра ЖКХ Маргулана Абдыкаримова.

На сегодняшний день вопрос правового просвещения, повышения правовой культуры граждан является неотъемлемой частью и одним из направлений программы «Рухани жаңғыру».

В целях дальнейшей эффективной реализации программы «Рухани жаңғыру» распоряжением Премьер-Министра Республики Казахстан от 28 декабря 2018 года №160-р утвержден План мероприятий по реализации Программы «Рухани жаңғыру» на 2019 год (далее – План).

Планом в целях воспитания правовой культуры среди населения, а также культивирования среди населения правового поведения на основе национальных традиций предусмотрен ряд мероприятий.

К примеру, в рамках направления «Эволюционное, а не революционное развитие Казахстана» - принятие мер по привлечению населения к участию в волонтерской и благотворительной деятельности; проведение открытой конференции гражданского общества «QazTalks» в г.Костанай (проводится ежеквартально с различными тематиками); развитие платформы трехстороннего сотрудничества «ASAR» НПО-бизнес-государство; проведение комплекса мероприятий по развитию институтов медиации; в рамках направления «Сохранение национальной идентичности» - выпуск книг, энциклопедий, альбомов по истории, культуре, традициям и обычаям народа Казахстана; реализация грантовых проектов по поддержке института семьи и сохранению традиционных семейных ценностей.

Работа по данному направлению будет продолжена в рамках программы «Рухани жаңғыру».

Министерством в целях повышения правовой культуры граждан, а также их активного вовлечения в обсуждение законотворческой деятельности государственных органов в пределах компетенции принимаются ряд системных мер для повышения качества информационно-разъяснительной работы.

Согласно Закону Республики Казахстан «О доступе к информации» государственные органы-разработчики нормативно-правовых актов для публичного обсуждения проекты стандартов государственных услуг и концепции законопроектов размещают их на портале «Открытые НПА» электронного правительства, про функционирование которого значительная часть населения не проинформирована или же не имеет доступа. Таким образом большинство законопроектов, в том числе потенциально резонансные, имеющие определенные пробелы, принимаются без существенных поправок и подвергаются критике со стороны общества в социальных сетях.

В этой связи, Министерством с целью расширения площадки обсуждения, а также учитывая эффективность социальных медиа в обсуждении актуальных вопросов жизнедеятельности населения, прорабатывается вопрос внесения изменений в Типовое положение об уполномоченном лице (подразделений) по взаимодействию со средствами массовой информации, утвержденного приказом Министра информации и коммуникаций Республики Казахстан от 23 февраля 2018 года № 50.

В частности, планируется включить в функции уполномоченного лица (подразделения) по взаимодействию со СМИ общее положение, предусматривающее размещение разрабатываемых законопроектов государственного органа на официальных аккаунтах ведомства, созданных в популярных социальных сетях со ссылкой на портал «Открытые НПА» электронного правительства.

Это позволит расширить возможности обсуждения и ознакомления граждан с проектами НПА в удобном формате.

По пункту 3 относительно повышения в рассматриваемой сфере роли местных органов государственного управления с методологическим обеспечением со стороны Министерства юстиции и координацией со стороны Министерства.

Местные исполнительные органы самостоятельно осуществляют государственную информационную политику в регионах без согласования с уполномоченным органом в сфере информации.

В рамках информационного заказа осуществляется поддержка новых проектов в информационной сфере, а также разъяснения законодательных инициатив государства.

При этом уполномоченный орган фактически не имеет механизмов корректировать распределение информационного заказа.

В целях совершенствования существующей практики предлагается пересмотреть действующие процедуры распределения государственного информационного заказа посредством внесения соответствующих поправок в законодательство.

В связи с этим, Министерством разработана концепция к законопроекту «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты

Республики Казахстан по вопросам средств массовой информации» которой будет предусмотрено закрепление процедуры согласования местными исполнительными органами тематических линий.

Данная мера позволит сформировать единую систему государственной информационной политике, в том числе по разъяснению законодательных инициатив.

Концепция одобрена на заседании Межведомственной координации по законопроектной деятельности 19 апреля 2019 года.

В настоящее время разрабатывается проект закона.

По пункту 4 относительно образования на базе ресурсов Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан проекта (общественной организации) по типу “Street Law”

В настоящее время, с 1998 года на территории Республики Казахстан осуществляет свою деятельность Общественное объединение «*Street Law*» *Казахстан* на базе Университета КАЗГЮУ.

В Казахстане функционируют ряд организаций, оказывающих безвозмездные юридические консультации населению. Так, общественные объединения «Казахстанское международное бюро по правам человека» и «Қадір-қасиет» на постоянной основе организуют юридические консультации граждан.

Более того, в целях реализации плана мероприятий по Концепции правовой политики на период 2010-2020 годы для привлечения неправительственного сектора к мероприятиям по правовому просвещению и повышению правовой культуры граждан, а также организации консультационных услуг населению в текущем году в рамках грантового финансирования по направлению **защита прав, законных интересов граждан и организаций** предусмотрено 14 проектов направленных на сумму 43988, 0 тыс. тенге, в рамках государственного социального заказа местными исполнительными органами 55 проектов на сумму 98200,0 тыс. тенге, центральными государственными органами 2 проекта на сумму 54120,0 тыс. тенге.

В этой связи, Министерством будет продолжена работа по формированию государственного социального заказа по данному направлению.

**С уважением,
Министр
информации и общественного развития
Республики Казахстан**

Д. Абаев